

# ЛИНГВОҚАҚТЫҒЫСТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Оқу-әдістемелік құралы



КАЗАК  
УНИВЕРСИТЕТИ  
БАСПАҒЫ

ӘОЖ 80/81 (075.8)

КБЖ 81.2 я 73

Т 24

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған (№ 2 хаттама 3 қараша 2017 жыл)*

*4716/МҚ 4 «Қазақ және орыс тілдеріндегі масс-медиа этностереотиптерінің контент-талдауы» ғылыми жобасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы **О. Жұбаева**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент **С.Б. Бектемірова**

**Таусоғарова А.Қ.**

Т 24 Лингвоқактығыстану негіздері: оқу-әдістемелік құралы / А.Қ. Таусоғарова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 74 б.

**ISBN 978-601-04-2951-2**

Тіл және қактығыстану салалары тоғысындағы мәселелерді қарастыруға бағытталатын «Лингвоқактығыстану негіздері» пәні бойынша дайындалған бұл оқу-әдістемелік құралында пән мазмұнында қамтылатын тақырыптар, магистранттың өз бетімен ізденуіне арналған тапсырмалар жүйесі, жалпы алғанда, оқу үдерісінің ұйымдастырылуы туралы ақпараттар мен нұсқаулар беріледі. Оқу-әдістемелік құралы мазмұнында қамтылатын ақпараттар магистранттардың аталған пән бойынша терең біліктілігін қалыптастыру мақсатын көздейді.

Оқу-әдістемелік құралы жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне, магистранттарға, PhD докторанттары мен оқытушыларға арналған.

ӘОЖ 80/81 (075.8)

КБЖ 81.2 я 73

ISBN 978-601-04-2951-2

© Таусоғарова А.Қ., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

**АЛҒЫ СӨЗ**

Филология және әлем тілдері факультетінің магистратура бөлімінде оқытылатын *Лингвоқактығыстану негіздері* атты курсына арналып дайындалған оқу-әдістемелік құралының теориялық және практикалық мақсаты – курс бойынша тақырыптық және мазмұндық құрылымға қатысты бағыт-бағдар беру.

Курс магистранттардың лингвоқактығыстану негіздері пәнінің зерттеу нысандары, қалыптасуы мен негізгі бағыты, тілдің масс-медианың және тұлғааралық, әлеуметтік топтық, діни, этникааралық қарым-қатынастардың бірден-бір құралы қызметін атқаруы барысында туындайтын ақпараттық даулар, сөз қактығыстары мен тілдік қактығыстардың тілдік сипаттары, олардың лингвистикалық талдауына қатысты ғылыми-теориялық және әдістемелік білім алуларына мүмкіндік береді.

«Лингвоқактығыстану негіздері» курсының мақсаты тұлғааралық, әлеуметтік топтық, діни, этникааралық қактығыстар туындауының бір факторы қатарында тілдің орын алуына байланысты лингвистика ғылымымен тоғысатын қактығыстану және заңгерлік (құқықтық) салаларда қажет етілетін лингвистикалық білімді лингвистика ілімінің түрлі салаларының зерттеу нәтижелерін өзара ұштастыру негізінде меңгертіп, магистранттардың кәсіби дайындығының теориялық негізін қалыптастыруды, кәсіби және тағы басқа тілдік қарым-қатынаста коммуникативтік сәтсіздіктің алдын алуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыны игертуді көздейді.

*Курстың негізгі міндеттері:*

- «Лингвоқактығыстану негіздері» пәнін ғылыми бағыт ретінде танытып, өзіндік ерекшелігін анықтау;
- лингвоқактығыстану саласындағы лингвистикалық және заңгерлік білім мен оның әдістерінің маңызын көрсету;
- лингвоқактығыстанудың ғылыми концептуалдық аппараты және метатілімен таныстыру;
- студенттердің лингвистика саласындағы дайындығын сот-лингвистикалық сараптама жүргізу үдерісінде аса маңызды болып табылатын тіл прагматикасы, тіл семантикасы, мәтін теориясымен, сөйлеу актілерінің теориясымен байланысты білімдермен тереңдету;